

Хабарландыру

«Шахтинск технологиялық колледжі» КМҚК «Газбен жабдықтау жабдықтары мен жүйелерін монтаждау және пайдалану» мамандығы бойынша өндірістік оқыту шебері бос лауазымына конкурс өткізу туралы хабарлайды - 1 бірлік.

(занды мекен-жайы: 101600, Шахтинск қ., Абай Құнанбаев даңғылы, 9 үй, анықтама алу үшін тел 8(72156)50177, e-mail: shah-tehn@krg-edu.kz),

Лауазымдық жалақысы:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақы		санат үшін қосымша ақы			
	min	max	педагог-модератор	педагог-сарапшы	педагог-зерттеуші	педагог-шебер
В-2-4	144 673	164 184	30% от ДО	35 % от ДО	40 % от ДО	50 % от ДО
В-4-4	120 516	133 214	30% от ДО	35 % от ДО	40 % от ДО	50 % от ДО

Конкурсқа қатысушылар үшін жалпы біліктілік талаптар:

тиісті бейін бойынша жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе техникалық және кәсіптік білім (арнаулы орта, кәсіптік орта) жұмыс өтіліне талаптар қойылмай немесе білім беру ұйымының бейініне сәйкес ұйымдарда жұмыс өтілі кемінде 3 жыл;

және (немесе) біліктіліктің жоғары деңгейі болған жағдайда педагог-шебер үшін мамандық бойынша жұмыс өтілі – 5 жыл;

және (немесе) біліктіліктің орта және жоғары деңгейі болған кезде: педагог-модератор үшін кемінде 2 жыл, педагог-сарапшы үшін кемінде 3 жыл, педагог – зерттеуші үшін кемінде 4 жыл мамандығы бойынша жұмыс өтілі.

Лауазымдық міндеттері:

Өндірістік оқыту бойынша практикалық сабақтар мен оқу-өндірістік жұмыстарды жүргізеді, кәсіпорындарда кәсіптік практиканы және білім алушылардың тәрбие жұмысын ұйымдастырады және олардың топта орындалуын қамтамасыз етеді.

Жабдықтар мен тиісті жабдықтарды сабаққа дайындайды, материалдық базаны жетілдіреді.

Еңбек қауіпсіздігінің сақталуын, білім алушылардың озық еңбек әдістерін, заманауи техника мен өндіріс технологиясын меңгеруін, жабдыққа қызмет көрсетуді және пайдалануды, материалдық және энергетикалық ресурстарды ұқыпты жұмсауды қамтамасыз етеді.

Оқу (өндірістік) практикасын өткізу бойынша әлеуметтік әріптестермен жұмысқа қатысады.

Білім алушыларды біліктілік жұмыстарын орындауға және біліктілік емтихандарын тапсыруға дайындайды.

Өндірістік оқыту мен кәсіптік практиканы жоспарлау, есепке алу және есептілік, топтағы тәрбие жұмысын жоспарлау және есепке алу жөніндегі құжаттаманы жүргізеді.

Оқу шеберханаларын жабдықтармен және құралдармен, материалдармен, қосалқы бөлшектермен және оқыту құралдарымен уақтылы қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды.

Технологиялық құжаттаманы, сызбаларды, эскиздерді, эталондарды дайындайды.

Оқу процесінде ғылыми-әдістемелік ұсынымдарды, озық педагогикалық және өндірістік тәжірибені пайдаланады.

Білім алушылардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, өндірістік санитария жөніндегі талаптардың сақталуын бақылайды.

Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар жүргізеді. Әдістемелік комиссиялардың, бірлестіктердің жұмысына қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі (электрондық немесе қағаз түрінде):

1) осы Қағидалардың 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қоса берілетін құжаттардың тізбесін көрсете отырып, конкурсқа қатысу туралы өтініш;

2) жеке басын куәландыратын құжат немесе цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);

3) кадрларды есепке алу бойынша толтырылған жеке парақ (нақты тұрғылықты мекен-жайы және байланыс телефондары көрсетіп - Бар болса);

4) педагогтердің үлгілік біліктілік сипаттамаларымен бекітілген лауазымға қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес білімі туралы құжаттардың көшірмелері;

5) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса);

6) «Денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы №ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) нысан (№075/у) бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама;

7) Психоневрологиялық ұйымнан анықтама;

8) Наркологиялық ұйымнан анықтама;

9) ұлттық біліктілік тестілеу сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ) немесе педагог-модератордың, педагог-сарапшының, педагог-зерттеушінің, педагог-шебердің біліктілік санатының болуы туралы куәлік (бар болса);

10) 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша педагогтің бос немесе уақытша бос лауазымына кандидаттың толтырылған бағалау парағы.

Кандидат оның біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты, ондай болса (біліктілігін арттыру, ғылыми/академиялық дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми немесе әдістемелік жарияланымдар, біліктілік санаттары туралы құжаттардың көшірмелері, алдыңғы жұмыс орнының басшылығынан ұсынымдар) ұсынады.

Конкурсқа қатысуға құжаттарды қабылдау конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған соңғы күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

2022ж. 28.09.